

Кімге: Есберген Раушан Әкімгерейқызы

Автордың аты-жөні және лауазымы: Мырзағали Қасымжомарт Жеңісбекұлы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі

Күні: 12.11.2024

Кілт сөздер: ұстаз, білім, тәрбие, мектеп

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Мектептегі орын тапшылығын жою өте маңызды міндет»

Кіріспе: Жалпы ұстаздар қауымының ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбектерінің маңыздылығы және аурипалығы жөнінде қысқаша түсініктеме

Негізгі бөлім (жағдайды егжей-тегжейлі талдау немесе қазіргі жағдай, қолданылған зерттеу әдістері)

Негізгі мәселеге тоқталдым. Мәселе Білім саласының дамуына түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Отандық педагогика саласындағы күрделі мәселелерді оңтайлы шешу керек.

Халықаралық тәжірибе: (қажет болған жағдайда)

Қорытынды: Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды.

Ұсынымдар: Білім ордаларының техникалық материалдарын жаңартып, үш ауысымды білім ордаларындағы мәселерді түбегейлі шешу туралы ұсыныс білдіремін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

<https://aqiqat.kazgazeta.kz>

<https://farabishakirti.kz/>

<https://dingek.kz/>

Қосымшалар (қажет болған жағдайда)

(Аналитикалық жазба)

Кіріспе

Бүгінде еліміздің болашағы жарқын болып, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүр. Жалпы, кім-кімнің де жақсы адам, мықты маман болуы ұстазына байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет».

Негізгі бөлім

Ұлттық статистика бюросының статистикасы бойынша, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Түркістан және Павлодар облыстарында оқушы саны көп мектептер бар. Бүгінде бірқатар мектепте балалар үш ауысымда оқып жатыр. Ресми дерек, бұл өңірлер мен қалалар жалпы көрсеткіштен оқушы орындарының тапшылығының 60 пайызын (шамамен 160 мың) құрайтынын көрсеткен.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы мектептердің саны 1,4 мың бірлікке (9 мыңнан 7,6 мыңға дейін) азайған. Жабылған білім ошақтарының көбі болашағы жоқ ауылды жерлерде орналасқан, оның жабудың басты себебі білім алатын баланың болмауымен түсіндірілген болатын. Бүгінде білім алушылардың саны 3,7 миллионнан асты, оның ішінде 2,2 миллион оқушы қалалық жерде, қалған 1,5 миллионы ауылдық мектептерде білім алып жатыр.

Елдегі тапшылықтың шешу үшін былтыр Үкімет «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекітті. Онда 2022 жылы оқушы орындарының тапшылығы 270 мың орынды, оның ішінде қалада – 174 мың орынды, ауылда – 96 мың орынды құрайтыны айтылды. Атап айтқанда, орын тапшылығы Түркістан, Алматы облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында өзекті мәселеге айналған, себебі бұл бес өңірдегі жетіспеушілік жалпы көрсеткіштің 59 % (159 мың орынды) құрады.

«Ұстаз – еліміздің интеллектуалды капиталының қалыптасып, дамуында басты темірқазық». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы білім саласының мемлекетіміздің одан әрі даму жолындағы рөліне кеңінен тоқталды. Бұған байланысты «Жаңа дәуірде мектептің жағдайы мемлекеттің дамуына ықпал етеді. Ал мектептің қандай болмағы ұстазға байланысты. Бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет», – деп білім саласының ендігі дамуының жаңа міндеттерін айқындады. Білім және отандық педагогика саласындағы күрделі 7 мәселенің шешімін айтты.

Бірінші. Ұстаздардың біліктілігін арттыру. Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан педагогика мамандықтарындағы ескі мазмұндағы және заманауи жаңа талаптарға сәйкес келмейтін білім беру бағдарламаларды еңбек нарығының талаптарына сәйкес қайта қарауды ұсынды. Заманауи тәсілдер және технологияны жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларының мазмұнына енгізу қажет. Халқымыз «Ұстаз – келер күннің ұстасы» дейді. Ол қалыптасып келе жатқан бала дүниетанымының, өмірге деген көзқарасының иесі. Ендеше балаларымыздың алдында жүрген мұғалімнің жұмысына жағдай жасау, мәртебесіне сай құрмет көрсету мемлекеттің міндеті.

Екінші. Балаларымыз заманға сай озық білім алуы керек. Оқушылар алған білімін өмірде қолдана алатын қолданбалы білім алуы өзекті. Еңбек нарығы жылдам өзгеруде. Сәйкесінше, сапалы білім, сол

білімді қолдануға арналған шығармашылық дағдылар, құзыреттіліктерді меңгеруі шарт. Өмірдің барлық саласына жасанды интеллект енуде. Білімнің дамуы – бүгінгі адамзат өркениетінің өлшемі, қоғам дамуының және ұлттың жаңа сапасының басты көрсеткіші. Қазіргі қоғам мен оның аса шапшаң даму ырғағы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды талап етуде. Соның ішінде еңбек нарығының өзгерістері жасанды интеллектпен ғаламдық бәсекеге қабілетті білімді де адал ұрпақ өсіруді міндеттейді. Оқушылар басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орнатуға, алдына мақсат қоя білуге, уақытын дұрыс жоспарлауға және жеке қабілеттерін тиімді пайдалануға үйренуі қажет. Ақпарат тасқынында керегін іздеп табуға үйрету арқылы біз балаларға жеке білім алу траекторияларын қалыптастырып, өмір бойы білім алу дағдысын сыйлай аламыз. Сонда ғана оқушы болашақта табысты маман болып, сәтті жеке өмір құра алады. Мектептердің түлектері еңбек нарығының жаңа талаптарына сай болуы үшін, өзгерістерге бейімделіп, үздіксіз оқуға, өзін-өзі тоқтаусыз жетілдіруге дайын болуы абзал.

Үшінші. Мектептегі оқушылардың орын тапшылығын жою – ең маңызды міндет. «Жайлы мектеп» ұлттық бағдарламасы барлық өңірлерде, оның ішінде ауылдық жерлерде жаңа стандарттармен мектептерді салып, 2 жылда үш ауысымды мектеп проблемасын біржола шешуге бағытталуда.

Төртінші. Мектеп ең қауіпсіз орынға айналуға тиіс. Президентіміз салалық министрлікке, яғни мемлекеттік орталық органға жергілікті атқарушы билік органдарымен бірлесіп, мектептердің қауіпсіздігін толық тексеруді тапсырды. Жаңа мектептер жобаланғанда бұл мәселе мұқият ескерілуі қажет деп басып айтты.

Бесінші. Тағы бір маңызды міндет – қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою. Әрине, бұл жылдар бойы қордаланған түйткілді проблемалардан туындап отыр. Кәсіпкерлерге ауыл мектебіне жағдай жасау міндеті жүктелді. Мемлекет пен бизнестің күшін біріктіру арқылы ауыл мектебінің функционалдылығын арттыру жұмыстары қолға алынады. Алдағы 3 жылда кемінде 1 мың ауыл мектептерін оқу жабдықтарымен жабдықтау жүзеге асырылатын болады.

Алтыншы. Білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету маңызды. Ақпараттың таралу жылдамдығының өсуі білімнің жаңару жылдамдығын да арттырды. Оқу орнында алған біліммен өмір бойы жұмыс істеуге болатын мамандық қалмады. Өмір бойы оқу, үздіксіз оқу, біліктілік ұдайы жетілдіру ұғымдары адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Мұның барлығы мектеп өмірінің фундаменталды негіздерін қайта қарауды қажет етеді. Барлық ауыл мектебіне жылдамдығы жоғары интернетті қолжетімді ету мәселесін шешу аса маңызды. Бұл – Үкімет алдындағы шұғыл міндет. Ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету –

Цифрлық даму министрлігіне де, облыс әкімдеріне де жүктелетін жауапкершілік.

Жетінші. Оқушыларға озық біліммен қатар, өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде мектептен жаңа қоғамдық этика нормалары қалыптасуы абзал. Ұлттың жаңа сапасын орнықтыруда оқушылардың бойындағы қасиеттерге тоқталды. Жас ұрпақ әділ, адал, үнемшіл, еңбекқор, білімпаз, отаншыл әрі жанашыр болуға ұмтылуы керек. Тәрбие ісінде ұлттық педагогиканың бұлағынан сусындау шарт. Қазақтың өмір сүру принциптерін, дүниеге, уақытқа деген көзқарасын айқындайтын киелі қағидалар бізді ұлт ретінде сақтайтын, ақпарат тасқыны мен ғаламдану күшіне төтеп бере алатын осындай темірқазық ұстанымдарды бала санасына сіңіру қажет.

Сонымен қатар адамзатқа жат қатыгездік, масылдық, еріншек мінезден бойды тасалап, мейірімділік, елгезектік, қарапайымдылық секілді қасиеттерді оқушы бойына бала күнінен дарыту керек. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек. Жалпы, зайырлы деген сөздің мазмұны терең, өте ауқымды. Халқымызға қатысты айтатын болсақ, бұл – салауатты өмір салтын ұстану, прагматикалық көзқараста болу және дәстүрлі дінімізге, ұлттық сананы арқау еткен салтымызға шынайы құрмет деген сөз», – деп түйіндеді сөзін Президент.

Қорытынды

Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген. Халқымыз келешектің кілті – білімде екенін терең түсінген. Сол себепті, ұстазды ерекше қадірлеген. Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды.

Ұсынымдар

Орын тапшылығы, үш ауысымдағы оқыту және апатты мектеп ғимараты мәселелерін шешу үшін әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың қарқынды қадамдары керек.

Бюджетке бір мезгілде елеулі жүктемені болдырмау мақсатында ірі заманауи мектептер құрылысы мемлекеттік-жекешелік серіктестік моделі бойынша жоспарланып отыр

Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетулен бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Тәуелсіздік жылдарында елімізде 2300-ге жуық мектеп салынды. Соның нәтижесінде төрт ауысымды оқытудан арылды. Дегенмен «үш ауысымды» оқыту жүйесі әліде бар. Көптеген мектептердің техникалық жабдығы ескірген. Осы мәселені түбегейлі шешіп, ауылдық жерлерге білім ордаларын салуды көбейтсе деген ұсынысымды білдіремін.